

Бекітілген
Директорлар кеңесі шешімімен
«Астана медицина университеті» АҚ
2016 жылғы 16 қазан, №8 хаттама

**«Астана медицина университеті» АҚ-тың Директорлар кеңесінің,
Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің
және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау туралы ЕРЕЖЕСІ**

Астана, 2016жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Астана медицина университеті» АҚ-тың Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау туралы осы ЕРЕЖЕСІ (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «Астана медицина университеті» АҚ-тың (бұдан әрі – Қоғам) Корпоративтік басқару кодексіне және Жарғысына сәйкес әзірленді және бағалау процесін реттейді.

2. Бағалаудың негізгі мақсаттары Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.

3. Бағалауды Директорлар кеңесі жүргізеді және:

1) Директорлар кеңесінің өз жұмысының, Директорлар кеңесі комитеттері, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы жұмысының мықты және осал тұстарын (артықшылықтары мен кемшіліктері) анықтауға;

2) Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы қызметінің мақсатты бағыттарын түзетуге;

3) Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелеріне, Басқарма Төарағасын және мүшелеріне, Ішкі аудит қызметі басшысына және қызметкерлеріне, сонымен қатар Корпоративтік хатшыға сыйақы беру жүйесінің тиімділігін анықтауға;

4) Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің және Корпоративтік хатшының біліктілігін арттыру және оларды оқытуға қажеттілікті анықтауға мүмкіндік береді.

5. Директорлар кеңесі бағалаудың төмендегі түрлерін жүзеге асыруы мүмкін:

1) Директорлар кеңесі жұмысының жалпы тиімділігін бағалау, Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындауы;

2) Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалау;

3) Басқарманың және оның Төарағасының қызметін бағалау;

4) Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметін бағалау;

5) Корпоративтік хатшы қызметін бағалау.

6. Бағалау төмендегі принциптерге сәйкес жүргізілуі тиіс:

1) әділдік;

2) бағалауды жүргізу жүйелілігі және бағалау көрсеткіштерін нақтылау;

3) кешенділік.

7. Директорлар кеңесінің және әр мүшесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Басқарманың және оның Төарағасының, Ішкі аудит қызметінің, сонымен қатар Корпоративтік хатшының қызметін жылсайын жалпылай бағалауды жүргізуге жауапты Корпоративтік хатшы болып табылады.

8. Бағалау жүргізілуі мүмкін:

1) сауалнама арқылы өз күшімен;

- 2) кеңес беру қызметтерін көрсететін тұлғаларды (бұдан әрі – Кеңес беруші) тарту арқылы;
- 3) аралас тәсілді қолдана отырып: кеңес берушілердің тарапынан процесті үйлестіргенде өз күшімен;
- 4) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа тәсілдер арқылы.

2. Бағалауды жүргізу процесі

9. Бағалауды жүргізу туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды. Көрсетілген шешімде бағалауды жүргізудің нақыты мерзімі (кесте) және талап етілетін ресурстар (мысалы, материалдар, ақпарат, есептер т.б.) айқындалады.

10. Бағалауды жүргізу үшін Кеңес берушіні тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда осы шешім нақты негіздемемен дәлелденуі тиіс. Сонымен қатар Кеңес берушіні тарту үшін негіздеме келесі жағдайлар болуы мүмкін: Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін сыни түрде бағалау қажеттілігі: өткен бағалаудың тиімді нәтижелерінің жоқтығы; Директорлар кеңесінің жаңа құрамын құру сияқты маңызды корпоративтік оқиғалар және Директорлар кеңесінің шешімімен анықталған басқа жағдайлар.

11. Бағалау жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізудің аяқталу қорытындылары бойынша жылсайын жүргізіледі.

Сонымен қатар Директорлар кеңесінің шешімі бойынша бағалау жылына екі немесе бірнеше рет жүргізілуі мүмкін.

12. Бағалауды жүргізу критерийлері, бағалау нәтижелерін өңдеу әдісі және қарастыру тәртібі осы Ереженің 3- және 4-бөлімдерінде берілген.

13. Бағалауды жүргізу процесін Директорлар кеңесі Төрағасы үйлестіреді.

14. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің тек мүшелері қатысатын Директорлар кеңесінің жабық отырысында талқыланады.

Осы отырыста Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшының қызметін талқылауы және олардың жұмысының тиімділігін төмендеткен факторларды анықтауы, тиімділікті артыру жолдарын ұсынуы, Қоғам қызметін бақылаудың және басқарудың негізгі проблемалар қатарын талқылауы тиіс.

15. Жалпы Бағалау процесі талқылауды ынталандыруы тиіс:

1) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшының функцияларын және рөлдерін;

2) Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі Комитеттері, Басқарма, Ішкі аудит қызметі, Корпоративтік хатшы жұмысының басымдықтарын;

3) Жалпы Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшының білімі, іскерлігі, тәжірибесі және жеке қасиеттері болуы;

4) Директорлар кеңесі жұмысының қолданыстағы рәсімдері, оның ішінде Директорлар кеңесі отырыстарын дайындау және өткізу тәжірибесі, олардың жүйелілігі, Директорлар кеңесі қызметін ақпараттық қамтамасыз ету мәселелері;

5) Комитеттердің рөлдері;

6) Қоғамның ағымдағы ұстанымы және оны даму перспективалары;

7) Қоғам қызметінің дамуына Басқарма Төрағасының алатын рөлдері.

16. Бағалау өткен бағалау нәтижелерін көрсете отырып, салыстырмалы сипатта болуы тиіс.

17. Басқарманы және оның Төрағасын, Ішкі аудит қызметін және оның басшысын, сонымен қатар Корпоративтік хатшыны бағалау нәтижелерін талқылағанда бағаланатындар қатыспайды. Көрсетілген тұлғалар өзінің қызметін бағалау процесіне қатыспауы тиіс.

18. Талқылау қорытындылары бойынша кері байланыс көрсетіледі. Ол сындарлы және нақты болуы тиіс.

Басқармамен және оның Төрағасымен, Ішкі аудит қызметінің басшысымен және Корпоративтік хатшымен кері байланыс бағалау нәтижелеріне қатысты біртұтас пікірге (толық келісімге) қол жеткізгеннен кейін көрсетіледі.

19. Бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі төмендегі шараларды қолдануы мүмкін:

1) Негізгі міндеттерді/бағыттарды атап көрсету, осыларға Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы назар аударуы тиіс.

2) Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы жұмысының жоспарына және әдісіне түзетулер енгізу;

3) Басқарманы және Басқарма Төрағасын және мүшелерін, Ішкі аудит қызметінің басшысын және қызметкерлерін, сонымен қатар Корпоративтік хатшыны сайлағанда бағалау нәтижелерін ескеру.

20. Бағалауды жүргізуге арналған формаларды Директорлар кеңесі мүшелеріне Қоғамның Корпоративтік хатшысы жібереді.

21. Жұмыстың осал тұстары мен кемшіліктері бағалаудың орташа балы үшбалдық бағалауда 2-ден төмен болғандағы, бесбалдық бағалауда 3-тен төмен болғандағы критерийлер болып табылады. Бұл критерийлер Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі Комитеттері, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы тарапынан бірінші кезектегі назарды талап етеді.

22. Жинақталған ақпаратты жүйелеуді және өңдеуді жүзеге асыратын Корпоративтік хатшы ақпараттың объективтілігіне және құпиялылығына жауап береді.

3. Бағалауды жүргізудің критерийлері

3.1. Директорлар кеңесінің қызметін жалпылай және оның мүшелерінің

қызметін бағалау

23. Директорлар кеңесі қызметін жалпылай бағалаудың критерийлері:

- 1) Директорлар кеңесі жұмысын құжаттамалық қамтамасыз ету;
- 2) Директорлар кеңесінің құрамы және құрылымы;
- 3) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Төрағасының рөлі және міндеттері;
- 4) Директорлар кеңесі жұмысының рәсімдері, оның қызметін ақпараттық қамтамасыз ету;
- 5) Директорлар кеңесінің Қоғам Басқармасымен өзара әрекет ету.

24. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін жеке бағалау олардың Директорлар кеңесі жұмысына қатысуын белсендіруге және Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін жалпылай арттыру үшін мүмкіндіктерді табуға мүмкіндік береді.

25. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін жеке бағалағанда төмендегі факторларға аса көңіл бөлу қажет:

- 1) Директорлар кеңесінің, Комитеттің жауапкершілік аясына кіретін мәселелер бойынша құзыреттілігі;
- 2) бизнесті жүргізу аясының ерекшеліктерін және саласын білу;
- 3) Директорлар кеңесінің және олардың комитеттерінің отырыстарына қатысу;
- 4) Директорлар кеңесі отырыстарында талқылауға қатысу дәрежесі;
- 5) Директорлар кеңесі отырыстарында белсенділік таныту және шешімдерді қабылдау процесінде дауыс беру сипаты;
- 6) Директорлар кеңесі мүшесінің тұлғалық мінездемелері және олардың жұмыс тиімділігіне (ұмыста жұмыс істей алуы, тез тіл табыса алуы, өз көзқарасын айта алуы, жұрт пікірімен есептесу, қызметтің этикалық стандарттары) әсер етуі.

26. Директорлар кеңесінің қызметін жалпылай және Директорлар мүшелерінің қызметін бағалауға арналған сауалнама осы Ереженің 1-және 2-қосымшаларында берілген. Сауалнаманы Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі толтырады.

3.2. Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалау

27. Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалауды алдағы талқыға салу үшін және Комитеттердің қызметін қорытынды бағалауын Директорлар кеңесінің қабылдауы үшін Директорлар кеңесінің мүшесі жүзеге асырады.

28. Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін бағалағанда:

- 1) Комитет қызметін Комитет туралы Ереже нормаларымен жалпылай салыстырады;
- 2) Комитет қызметі нәтижелерінің Директорлар кеңесі болжалдарына сәйкестігін бағалайды.

29. Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметін ішкі аудит мәселелері бойынша бағалауға арналған сауалнама осы Ереженің 3-қосымшасында берілген.

3.3. Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметін бағалау

30. Ішкі аудит жөніндегі Директорлар кеңесінің комитеті Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметін бағалайды және олардың нәтижелерін Корпоративтік хатшыға пысықтау үшін береді.

31. Ішкі аудит қызметін бағалағанда:

1) Ішкі аудит қызметінің қызметін Ішкі аудит туралы Ереже нормаларымен салыстырады;

2) Ішкі аудит қызметінің қызметі нәтижелерінің Директорлар кеңесі/Директорлар кеңесі комитеті болжалдарына сәйкестігін бағалайды.

32. Ішкі аудит қызметінің қызметін және оның басшысының қызметін бағалау Ішкі аудит қызметінің жұмысын белсендіру және оның жұмысының тиімділігін арттыру үшін мүмкіндіктерді табу мақсатында жүргізіледі.

33. Ішкі аудит қызметінің қызметін жалпылай және оның басшысының қызметін бағалауға арналған сауалнама осы Ереженің 4-қосымшасында берілген. Сауалнаманы Ішкі аудит мәселелері жөніндегі Директорлар кеңесінің мүшесі Ішкі аудит қызметінің қызметін және оның басшысының қызметін қорытынды бағалауын Директорлар кеңесінің қабылдауы, жинақтап қорытуы және талқылауы үшін толтырады.

3.4. Басқарма қызметін жалпылай және оның Төрағасының қызметін бағалау

34. Басқарманың және оның Төрағасының қызметін жүйелі түрде бағалау бақылаудың маңызды құралы болып табылады. Мұндай бағалау Қоғам жұмысын әрдайым талдау және жетілдіру жүйесін құруға көмектеседі.

35. Басқарманың және оның Төрағасының қызметін бағалау критерийлері:

1) Басқарма мүшелерінің міндеттерін функциялы орындау;

2) Қоғамның жылдық бюджетін, Даму жоспарын және стратегиясын әзірлеуге және жүзеге асыруға Қоғам Басқармасының қосқан үлесін бағалау;

3) Қоғамдағы істердің ағымдағы жағдайы туралы Директорлар кеңесі мүшелерін толық және сенімді ақпарат берудің тиімді жүйесін енгізу.

36. Басқарма қызметін жалпылай және оның Төрағасының қызметін бағалау бойынша сауалнама осы ереженің 5-қосымшасында берілген. Сауалнаманы Қоғам Басқармасы Төрағасын қоспағанда Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі толтырады.

3.5. Корпоративтік хатшы қызметін бағалау

37. Корпоративтік хатшы қызметін бағалауды Корпоративтік хатшы қызметін қорытынды бағалауын Директорлар кеңесінің қабылдауы, жинақтап қорытуы және одан әрі талқылауы үшін Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі жүзеге асырады.

38. Корпоративтік хатшы қызметін бағалағанда:

- 1) Корпоративтік хатшы қызметін Корпоративтік хатшы туралы ереже, Жарғы және Корпоративтік басқару кодексі нормаларымен салыстырады;
- 2) Директорлар кеңесі отырыстарын ұйымдастыруын бағалайды;
- 3) Корпоративтік хатшының өзінің функциялық міндеттерін орындау сапасын бағалайды;
- 4) Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі арасындағы өзара байланыс жасау тиімділігін бағалайды.

4. Бағалау нәтижелерін өңдеу әдісі және қарастыру тәртібі

39. Деректерді өңдеу келесі тәртіпте жүргізіледі:

1) Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі толтырған сауалнама бойынша сандық ақпараттың орташа мәнін есептеу;

2) Бағалау критерийлерінің әрқайсысының жалпы орташа мәнін есептеу (Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері, Басқарма, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы). Бұл жұмыс тиімділігінің жалпы бағасын сипаттайды.

3) барлық түсініктемелерді, бағалаудың әрбір объектісі бойынша ұсынымдарды және тілектерін барлық пікірлерді қамтитындай авторларды көрсетпей мәлімдеу.

40. Деректерді өндегеннен кейін Директорлар кеңесі мүшелерінен алынған бағалаудың барлық түрлері пікірлердің құпиялылығын сақтау үшін жойылады.

41. Рискілер және олардың даму аймақтары туралы ақпараттың және бағалаудың жинақталған нәтижелерін Директорлар кеңесі отырысында зерделеу және одан әрі талқылау үшін Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі Төрағасына береді.

42. Осы отырыс барысында Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне бағалау нәтижелері тақырыбы бойынша өз пікірлерін айту құқығын береді, бағалау объектілерінің қызметін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар бойынша олардың ұсыныстарын жинайды. Сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелері өзінің жасырын болуын қалаған кезде аша алады, яғни олардың әрқайсысы қандай баға, түсініктеме және ұсынымдар бергенін хабарлай алады.

43. Бағалау объектілері қызметінің тиімділік динамикасын бақылау үшін осы рәсімді жүргізуді екінші жылдан бастап бағалау нәтижелерін қарастыру екі аспекті бойынша жүргізіледі: бағалаудың нақты кезеңге арналған нәтижелерін қарастыру және өткен жылдың нәтижелерімен ағымдағы нәтижелерді (бағалаудың нақты кезеңдегі нәтижелерін) салыстыру.

44. Отырыста Бағалау нәтижелерін қарастыру қорытындысы Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшының қызметін жетілдірудің және дамытудың нақты іс-шаралары және бағыттары туралы Директорлар кеңесінің қабылданған шешімдері болуы тиіс.

5. Қорытынды ережелер

45. Бағалауды жүргізу критерийлері корпоративтік құжаттарда өзгерістерді көрсету мақсатында қайта қарастырылып отыруы тиіс.

46. Ережені бекіту, сонымен қатар Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның ішінде бағалау критерийлерін өзгерту Директорлар кеңесінің құзырына жатады.

Директорлар кеңесінің жұмысын жалпылай бағалау формасы

Толтыру нұсқаулығы!!!

1. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП ТОЛТЫРАДЫ

2. Төмендегі мәселелер/пікірлер туралы көзқарасыңызға сәйкес келетін балды 1-ден 5-ке шкаласынан белгілеңіз:

- 1- мүлде келіспеймін
- 2 –келісе қоймаспын
- 3 –бейтарап көқарасты ұстанамын
- 4 - келісемін
- 5 –толықтай келісемін

3. Егер Сіздің пікіріңіз бойынша жеке мәселелер Қоғамға және/немесе жұмысқа қатысты болмаса, ракурста мәселе қойылмаса, Қоғамда ретелмесе түсініктемелеріңізді/ұсынымдарыңызды/тілектеріңізді жазыңыз.

4. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке аралықтағы жалпы жауаптар санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәнін есептейді, сонымен қатар түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер т.б. тізімін құрастырады.

№	Бағалау критерийлері	Балл бойынша бағалау	Түсініктемелер/ұсынымдар/тілектер
1.	Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің өкілеттілігін және бірінші кезектегі міндеттерін түсінеді		
2.	Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің жұмысы нәтижелеріне өздерінің қатыстылығын және мүдделілігін біледі		
3.	Директорлар кеңесі өзінің стратегиялық маңыздылығын және сындарлылығын көрсетеді (Директорлар кеңесі Қоғамды стратегиялық түрде басқарады, Басқарманың сындарлы сыншысы болып табылады)		
4.	Директорлар кеңесі Даму стратегиясын, құндылығын, миссиясын түсінеді және негізгі мәселелерді қабылдағанда барлық аталғандарды есепке алады		
5.	Қоғамның Директорлар кеңесінің Тәуелсіз мүшелері шын мәнінде тәуелсіз		
6.	Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырыстарына үнемі қатысады		

7.	Директорлар кеңесінің мүшелерінің Директорлар кеңесі отырыстарынан басқа Қоғам Басқармасының мүшелерімен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктері бар		
8.	Директорлар кеңесінің отырыстарында әрбір мәселені талқылауға жеткілікті уақыт бөлінеді		
9.	Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын тиімді басқарады		
10.	Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі құрамындағы өз функцияларын тиімді орындау үшін жеткілікті уақыты бар		
11.	Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғам Басқармасына кез келген сұрақтар қоя біледі және өздерінің тәсілдеріне және бағалауына сыни көзбен қарайды		
12.	Директорлар кеңесі айтарлықтай отырыстарды өткізеді		
13.	Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғам Басқармасынан шешімдерді негізді түрде қабылдауға жеткілікті ақпаратты алады		
14.	Директорлар кеңесінің мүшелері отырыстар арасында Қоғам қызметінің негізгі мәселелерінен хабардар болу үшін жеткілікті ақпарат алады		
15.	Сіздің пікіріңізше, Директорлар кеңесі келесі жылға өз күшін салуы керек үш және бес бағыттарды атаңыз.	1.	
		2.	
		3.	
		4.	
		5.	
Балдардың орташа мәні			

2-қосымша

Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын бағалау формасы

Толтыру нұсқаулығы!!!

1. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН САҚТАЙ ОТЫРЫП, ТОЛТЫРАДЫ

2. Сіздің пікіріңізге сәйкес келетін балды 1 және 3 шкаласынан белгілеңіз:

1- қанағаттанарлықтай

2 - жақсы

3–өте жақсы

3. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 3-ке аралықтағы жалпы жауаптар санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәнін есептейді, сонымен қатар түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер т.б. тізімін құрастырады

Директорлар кеңесі мүшесінің Т.А.Ә.	Кәсіби тәжірибесі	Сала ерекшелігін білуі	Іскерлік пайымы	Стратегиялық болжамы	Отырысқа қатысуы	Отырысқа дайындығы	Командада жұмыс істеуі	Белсене қатысуы
Директорлар кеңесінің мүшесі 1								
Директорлар кеңесінің мүшесі 2								
Директорлар кеңесінің мүшесі 3								
Директорлар кеңесінің мүшесі 4								
Директорлар кеңесінің мүшесі 5								

Балдардың орташа мәні

Директорлар кеңесі мүшесінің түсініктемелері: Осы бөлімде Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырыстарына қатысу деңгейіне әсер ететін, өзінің машықтары мен білімін көрсетуге қандай факторлар кедергі келтіретінін, өз білімін т.б. жетілдіруге қажетті салаларды (бағыттарды) көрсете алады.

Ішкі аудит мәселелері жөніндегі Директорлар кеңесі комитетінің жұмысын бағалау формасы

Толтыру нұсқаулығы!!!

1. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП ТОЛТЫРАДЫ

2. Төмендегі мәселелер/пікірлер туралы көзқарасыңызға сәйкес келетін балды 1-ден 5-ке шкаласынан белгілеңіз:

1- мүлде келіспеймін

2 – келісе қоймаспын

3 – бейтарап көқарасты ұстанамын

4 - келісемін

5 – толықтай келісемін

3. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке аралықтағы жалпы жауаптар санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәнін есептейді, сонымен қатар түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер т.б. тізімін құрастырады

Бағалау критерийлері		Балл бойынша бағалау	Түсініктемелер/ұсынымдар/тілектер
1.	Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен, Ішкі аудит мәселелері жөніндегі Директорлар кеңесі комитеті (бұдан әрі – Комитет) туралы ереже комитеттің функцияларын нақты айқындайды		
2.	Комитет Қоғамның қаржы-шаруашылық және медициналық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін құруға ықпал етеді		
3.	Комитетішкі бақылау және рискілерді басқару жүйелерінің сенімділігін және тиімділігін бақылауға жеткілікті көңіл бөледі		
4.	Комитет ішкі аудиттің тәуелсіздігін, сонымен қатар заңнаманы және Қоғамның ішкі құжаттарын сақтауды қамтамасыз ету процесін бақылауға айтарлықтай көңіл бөледі		
5.	Комитеттің мүшелерінің тиісті тәжірибесі және біліктігі бар және комитет жұмысына елеулі үлес қосады		
6.	Комитет іскерлік этика нормаларына сәйкес менеджментке қарамастан		

	әрекет етеді және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асырады		
7.	Директорлар кеңесінің мүшелері Комитет қарастырған мәселелер бойынша шешімдерді дәлелді қабылдау үшін Комитеттен жеткілікті ақпаратты алады		
8.	Комитет отырыстары жақсы ұйымдастырылған және тиімді, оның құзыреті шеңберінде мәселелерді талқылау үшін жүйелі түрде өткізіледі		
9.	Комитет Төрағасы комитеттің қызметін тиімді басқарады		
10.	Ішкі аудит қызметінің Комитетке есеп беруі және қарым-қатынас деңгейі менеджменттен тәуелсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етеді		
11.	Комитет Қоғамның Ішкі аудит қызметінің өкілеттілігін, жоспарын және ресурстарын талқылауға жеткілікті көңіл бөледі		
12.	Комитет Қоғамның Ішкі аудит қызметінің есептерін, менеджменттің қарсы әрекеттерін және жақсарту әрекеттерін қарастыруға жеткілікті көңіл бөледі		
13.	Комитет отырыстарының материалдары толық, тұжырымды және жақсы құрылымдалған, алдын ала беріледі және уәжді шешімдерді қабылдау үшін қажетті барлық ақпаратты қамтиды		
14.	Комитет Қоғамның заңнаманы сақтауын қамтамасыз ететін рәсімдер тиімділігін бағалайды және тиісті ұсынымдарды ұсынады		
15.	Комитет ойластырылған және пайдалы ұсынымдарды ұсынады		
Балдардың орташа мәні			

Ішкі аудит қызметінің қызметін жалпылай және оның басшысының қызметін бағалау формасы

Толтыру нұсқаулығы!!!

1. ІШКІ АУДИТ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП ТОЛТЫРАДЫ

2. Төмендегі мәселелер/пікірлер туралы көзқарасыңызға сәйкес келетін балды 1-ден 5-ке шкаласынан белгілеңіз:

- 1- мүлде келіспеймін
- 2 -келісе қоймаспын
- 3 -бейтарап көқарасты ұстанамын
- 4 - келісемін
- 5 -толықтай келісемін

3. Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке аралықтағы жалпы жауаптар санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәнін есептейді, сонымен қатар түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер т.б. тізімін құрастырады.

Бағалау критерийлері		Балл бойынша бағалау	Түсініктемелер/ұсынымдар/тілектер
Ішкі аудит қызметінің қызметін жалпылай бағалау			
1.	Қоғамда Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – ІАҚ) Басқармадан және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінен нақты тәуелсіздігі қамтамасыз етіледі		
2.	ІАҚ оларға жүктелген міндеттерді орындағанда әділ		
3.	Қоғам Басқармасы Қоғам ІАҚ анықтаған анықтаулары бойынша адекватты шаралар қолданады		
4.	ІАҚ Қоғам Басқармасының сеніміне ие		
5.	ІАҚ құрамы (олардың қызметкерлерінің білімі және тәжірибесі жағынан) Ішкі аудит қызметіне ІАҚ туралы Ереже жүктеген міндеттерін орындауға мүмкіндік береді		
6.	ІАҚ есептерде негізгі мәселелерді және рискілерді ықшамды түрде келтіреді, бұзылыстарды/анықтауларды туындатқан себептер мен ІАҚ		

	ұсыныстары арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік беретін қажетті мәліметті ұсынады		
7.	Қоғамға ІАҚ ұсынатын күн тәртібіндегі әр мәселеге қорытынды келтіру Директорлар кеңесі мүшелерінің болжалын қанағаттандырады		
8.	Қоғамның ІАҚ қызметкерлері жылсайын өз біліктілігін арттырады, оқытудан өтеді		
Ішкі аудит қызметі басшысының қызметін бағалау			
1.	ІАҚ басшысының нақты білімі, тәжірибесі және машықтары оның Қоғам ІАҚ-ты тиімді басқаруына мүмкіндік береді		
2.	Қоғамның ІАҚ басшысы аналитикалық машықтарға ие		
3.	ІАҚ басшылары кәсіби салада (стандарттар, заңнама т.б.) соңғы өзгерістер туралы үнемі хабардар болады		
4.	Қоғамның ІАҚ басшысы отырыстарда анықталған анықтаулар бойынша эмоцияға берілмей өз пікірін айтады		
5.	Егер Қоғамның ІАҚ басшысы өзінің дұрыс екендігіне сенімді болса, Қоғам Басқармасының алдында өз көзқарасын білдіреді		
6.	Қоғамның ІАҚ басшысы Жылдық аудиторлық жоспарды уақтылы орындауды қамтамасыз етеді		
7.	ІАҚ басшысы есептердің грамматикалық және стилистикалық дұрыстығын тексеруді қамтамасыз етеді		
8.	ІАҚ басшысы Директорлар кеңесінің қарастыруына тоқсан сайынғы және жылдық есептерді уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді		
9.	Қоғамның ІАҚ басшысы Қоғам үшін ішкі аудиттің барынша пайдалылығын қамтамасыз ету үшін, ІАҚ-ты тиімді басқарады		
Балдардың орташа мәні			

Басқарма қызметін жалпылай және оның Төрағасының қызметін бағалау формасы

Толтыру нұсқаулығы!!!

1. БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫН ҚОСПАҒАНДА ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП, ТОЛТЫРАДЫ

2. Төмендегі мәселелер/пікірлер туралы көзқарасыңызға сәйкес келетін балды 1-ден 5-ке шкаласынан белгілеңіз:

- 1- мүлде келіспеймін
- 2 -келісе қоймаспын
- 3 -бейтарап көқарасты ұстанамын
- 4 - келісемін
- 5 -толықтай келісемін

3.Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке аралықтағы жалпы жауаптар санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәнін есептейді, сонымен қатар түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер т.б. тізімін құрастырады.

Бағалау критерийлері		Балл бойынша бағалау	Түсініктемелер/ұсынымдар/тілектер
Қоғам Басқармасын жалпылай бағалау			
1.	Қоғам Басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге тиімді асырады		
2.	Басқарма мүшелерінің нақты білімі, тәжірибесі және машықтары олардың Қоғамды тиімді басқаруына мүмкіндік береді		
3.	Қоғам Басқармасының жұмысы мақсаттар, міндеттер және командалылық бірлігін көрсетеді		
4.	Директорлар кеңесі отырысына Қоғам Басқармасының ұсынылатын материалдар сапасы Директорлар кеңесі мүшелерінің талаптарын қанағаттандырады		
5.	Директорлар кеңесі отырыстарында Қоғам Басқармасының баяндамалары ойланған шешімдерді қабылдау үшін нақты ақпарат береді		

6.	Қоғам Басқармасы басым бағыттағы міндеттерді орындау үшін тиімді шараларды қолданады		
7.	Басқарма Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесі арасындағы өзара байланыс жасау бойынша корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құрады		
8.	Қоғам Басқармасы Қоғамның Даму стратегиясын жүзеге асыру үшін барлық қажетті шараларды қолданады		
9.	Қоғам Басқармасы ҚР мемлекеттік органдарымен Қоғам қызметі мәселелері бойынша тығыз байланыста жұмыс істейді		
10.	Отырысқа Директорлар кеңесі мүшелеріне ұсынылатын ақпарат шағын және ыңғайлы түрде құрылымдалған		
11.	Қоғам Басқармасы Директорлар кеңесінің тапсырмаларын уақтылы және толық көлемде орындайды		

Балдардың орташа мәні

Басқарма Төрағасының қызметін бағалау

1.	Басқарма Төрағасы Қоғамды тиімді басқаруды қамтамасыз етеді		
2.	Басқарма Төрағасы Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді		
3.	Басқарма Төрағасы алға қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін бастама жасайды		
4.	Басқарма Төрағасы есеп берудің жоғары деңгейін көрсетеді және қойылған міндеттерді орындап жатқаны туралы Директорлар кеңесіне хабарлайды		
5.	Басқарма Төрағасы саланы білу бойынша жоғары стратегиялық болжам деңгейін меңгерген		
6.	Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі отырыстарына өте жоғары деңгейде дайындалады		
7.	Басқарма Төрағасының мінез-құлқы іскерлік мінез-құлықтың тиісті тәжірибесіне толықтай сәйкес келеді		

Балдардың орташа мәні

Корпоративтік хатшы қызметін бағалау

Толтыру нұсқаулығы!!!

1. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӘРБІР МҮШЕСІ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚТЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП ТОЛТЫРАДЫ

2. Төмендегі мәселелер/пікірлер туралы көзқарасыңызға сәйкес келетін балды 1-ден 5-ке шкаласынан белгілеңіз:

1- мүлде келіспеймін

2 -келісе қоймаспын

3 -бейтарап көқарасты ұстанамын

4 - келісемін

5 -толықтай келісемін

3.Сауалнаманы толтыру қорытындысы бойынша Корпоративтік хатшы 1-ден 5-ке аралықтағы жалпы жауаптар санын шығарады және сандық ақпараттың орташа мәнін есептейді, сонымен қатар түсініктемелер, ұсынымдар, тілектер т.б. тізімін құрастырады.

№	Бағалау критерийлері	Балл бойынша бағалау	Түсініктемелер/ұсынымдар/тілектер
1.	Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне түсінік береді		
2.	Директорлар кеңесінің жылсайынғы Жұмыс жоспарын уақтылы әзірлеуді қамтамасыз етеді		
3.	Директорлар кеңесі мүшелеріне сұралған ақпаратты ұсынуды қамтамасыз етеді		
4.	Директорлар кеңесі мүшелерін Директорлар кеңесінің материалдары бойынша кеңес береді		
5.	Директорлар кеңесі мүшелеріне отырыстың күн тәртібін және материалдарын уақтылы жібереді		
6.	Отырысқа қатыспаған мүшелерді қабылданған шешімдер туралы хабар етеді		

7.	Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің қарастыруына ұсынылатын құжаттар ережелерін түсіндіреді		
8.	Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды бақылауды қамтамасыз етеді		
9.	Қоғам органдары арасында ақпаратты уақтылы алмасуды қамтамасыз етеді		
10.	Қоғам сайтында Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарды орналастырады		
Балдардың орташа мәні			